

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

КЕНЕН ӘЗІРБАЕВ ПОЭЗИЯСЫНЫҢ БЕЙНЕЛІЛІК СИПАТЫ

Ерполат Қанат

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «М060 – Филология» БББ 2 курс

магистранты verpolat.kanat@gmail.com

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауымд.проф. Б.С.Қорғанбеков

Әнші-ақындар поэзиясының көркемдік ерекшелігі мен шеберлігінің деңгейін өлшейтін көрсеткіш құралы болса, ол – бейнелеу құралдары болып табылады. Сондықтан да бұл мәселені Кенен Әзірбаевтың әдеби мұралары бойынша, оның ән мәтіндерін негізге ала отырып қарастырмақпыз.

Әнші-ақындардың өмір тарихы мен ғұмырнамасы, шын мәніндегі сол дәуірдің шарайнасы. Қаншама ғасырлар бойы қалыптасқан қазақ ұлтының тамаша тәрбиесі мен адамгершілік қасиеттерін бойына қатар сіңірген әнші-ақындар елінің жоғын жоқтады, барын түгендеді. Сол дәуірдегі әлеуметтік-тұрмыстық жағдайды, әйелдердің теңсіздігін, кедейлердің көріксіз күйін, елдің хал-ахуалын, байлардың озбырлығын, би-болыстардың өктемдігін өлеңдерінде батыл суреттей білді. Сондай-ақ, нәзік сезімді де, асау махаббатты да өз әндеріне арқау етті. Солардың бірі – Кенен Әзірбаев.

Кенен Әзірбаев – Жетісу мектебінің өкілі, Сүйімбай мен Жамбылдың ақындық дәстүрін жалғастырушы. Ақын жайлы А.Жұбанов былайша пікір білдіреді: «Ол бір жағынан суырыпсалма ақын да, екіншіден жақсы әнші, ал үшінші жағынан өзі көптеген ән шығарған халық композиторы. Кененнің өмірінде кейінгі жас ұрпаққа үлгі боларлықтай кезеңдер көп. Ол шығармашылығында адам бақыты үшін күрестің жырын жырлады, бері келе, кеңес таңы атқанда жеңістің, туысқандықтың, шын мәнісіндегі бақыттың жырын жырлады» [1, 289]. Кенен Әзірбаевтың өмірбаяны мен өлеңдері, айтысы, әндерінің шығу тарихы мен текстологиясы қазақ әдебиеттану ғылымында аз зерттелмеді. Ғалымдардың зор ізденісінің арқасында ақынның жыр-толғаулары да, әндері де, кара өлеңдері де бізге молынан жетті.

«Кенен Әзірбаев поэзия дүниесіндегі өзгеше лепті, тынысты, сиқырлы күйді сай-сүйегіне дейін сезінген, жазғы шөптің гүліндей жұпар аңқитын жақсы сөзді, жібек жіптей есілген, толқындай кестелі жырды халқына сыйлаған, ана тіліміздің өрісін кеңейткен, өрнегін байытқан жомарт ақын» [2, 193]. Оның поэзиясы кең құлаштылығымен, соны пікірлерімен, кәнігі ой шеңберінің кеңеюімен, көркемдік жаңалығымен, тапқыр ойларымен құнды. Оның бала кезінде қой бағып жүріп шығарған тырнақалды туындыларының бірі – «Бозторғай» әніне қарайтын болсақ, заманның ащы шындығын, бала көңілдің еркіндікті аңсауын көреміз:

Бозторғай, шырылдайсың жерге түспей,

Мен жүрмін кешке дейін тамақ ішпей.

Ат қылып ақ таяқты қолыма ұстап,

Сандалып қой артында азар кешке.

О, Бозторғай!

Шырылдайсың шіркін-ай.

Құтылар күн бар ма екен,

Қой жаудан бір күні-ай?! [3, 8]

«Аспанға әуелеген осы бір ән бірте-бірте шымырлап, өрши түсіп, созылған бойы жалшы баланың мұңы мен зарын арқалап, Қордайдың ұшар биігіне қарай көтеріліп бара жатты. Әсіресе, қайырмасының: ги-ги-ги-ги-гоу... деп келетін соңғы өксік әуені тақаппар Қордайдың да сан ғасырғы жарасын тырнағандай болып еді» [4, 7].

«Бозторғай» әні тақырыптық-мазмұндық тұрғыдан елдің әлеуметтік-жағдайын, бай-манаптардың бейнесін, малшы-жалшылардың күнделікті тұрмыс-тіршілігін көрсетуге арналған. Әнші-ақындардың әндерінің шығу тарихын біршама зерттеген А.Жұбанов бұл ән туралы былайша пікір білдіреді: «Бозторғай» радио толқынындай, баста қойшылар, малшылар арасында, кейін халық арасында тез тарап кетті. Әннің әсем сөзі де, қорлық көргеннің, зорлық

көргеннің, бейнет тартқанның бәрінің де жүрегінен орын алды. Енді Кенен қойшы Кенен емес, «Ақын Кененге» айналды» [1, 292].

Аспанда еркін ұшып, шырылдап жүрген бозторғай-ғұмырға қызыға да, қызғана да қараған бала Кененнің бұл әнінде бостандықты аңсау бар. Бұл әнде таңнан қара кешке дейін қанша қызмет қылсаң да бағанды білмейтін бай-манаптарға өкпе бар. Күні бойы қой соңында жүріп, қажыған көңілдің назы бұл. «Бір қайғы мың қайғыны қозғайды» демекші, бұл наз жалғыз Кененнің назы емес, мұқым кедейдің ортақ мұңы еді.

Жетісудың шұрайлы жері аң-құсқа кенде емес. Қой бағып жүрген адамға небір түрлі құстар кезігеді. Бірақ бала Кененнің солардың ішіндегі бозторғайды өзіне мұндас кылуы бекер емес деп білеміз. Себебі, бозторғай – еркіндікті, тыныштықты сүйетін құс. Оның қазақ ән әлеміндегі орны да ерекше. Мәселен, Жаяу Мұсаның да «Бозторғай» деп аталатын әні бар:

Аспанда *шырқар бозторғай*,

Мұсаның әні осылай,

Әлдеқандай болды екен,

Біздің ауыл хандары-ай [5, 62].

Одан бөлек, халық әндерінде де бозторғайдың бейнесі жиі кездесіп жатады.

Шіркін-ай, Бозторғай,

Жете алмадым жер шалғай.

Ағып жатқан дария-ай, суда мін жоқ,

Үзіп жеген әгугәй, малда тіл жоқ (Халық әні).

Гүлбаршынды құтқаруға барған бала Алпамысты қалмақтың ханы Қараман қаһарға мініп қуалайды ғой. Сонда Шұбар аттың иесін тыңдамай, айлаға салып Алпамысты алып қашатыны бар. Сол тұсты жырда былай бейнелейді:

Жал-құйрығы суылдап.

Үстінде бала барады

Бозторғайдай шырылдап [6, 40].

Осы өлең жолдарын талдап қарасақ, бәріне ортақ ұғым – бозторғайдың шырылдауы. Бұл тіркестің жырда да, әнде де бір-бірінен ажырамай, түйдек күйінде келгенін көреміз. Ал бозторғайдың шырылдауы – қым-қиғаш, бей-берекетсіздің белгісі. Арғықазақтар бозторғайдың мазасызданғанын көрсе, табиғаттың тосын мінезінен күнілгері сақтанған. Бозторғай – тыныштықтың құсы. Қазақ ұғымындағы «Қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» деген түсінік те содан қалыптасқан.

«Белгілі бір табиғи ортадағы адамдарға құстың қанша түрі белгілі болса, олар туралы да соншама мифтік келтірімнің болуы тиіс. Ал құстың түрінің де, атауының да көп екендігін ескерер болсақ, құсқа қатысты мифологиялық келтірімдердің де көлемді болатындығын тұспалдауға болады» [7, 149] – деген С.Қондыбайдың тұжырымы мен «Мифологем – наным-сенімге қатысты салттарды нақтылай танытатын символдар арқылы білдіру мен түсіндірудің нәтижесі. Өз туындыларында мифологиялық сюжеттерді түрлі көркемдік-бейнелілік мақсатта кеңінен пайдаланған ақындардың ұлттық танымдық бастауларға көп жүгінетіні заңды құбылыс. Содан болар, қасиет пен кие туралы ұғымдар ұлттық мифологиядағы көнеден орныққан бейнелермен көрсетіледі. Солардың қатарында құстар ерекше орын алады» [8, 144] – деген Ж.Әскербекқызының пікірін негізге алатын болсақ, бала Кененнің Бозторғайы – мифологем, символ екенін аңғарамыз. Сондай-ақ, ақынның ерте жастан-ақ халық ауыз әдебиетімен, халық әндерімен сусындағанын байқаймыз.

Кенен Әзірбаевтың алғашқы ән-күйлер жинағы 1977 жылы жарық көрді. Жинаққа ақынның 77 әні, 7 күйі, 6 айтысы енген. Кенен салған осы бір әндерге қарайтын болсақ, бозторғайдан басқа да құстардың көркем бейнесін кездестіреміз. Мысалы, «Мен өзім Алатаудың ителгісі» [3, 12], «Қамысты терең көлдің сұңқарлары, бір күні ақиыққа алғызарсың» [3, 25], «Алатаудың басынан ұлар ұшқан» [3, 30], «Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім» [3, 35], «Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл» [3, 36], «Бұлтқа ұялаған бидайықтай» [3, 58]. Қазақ халқының танымында барлық құстардың алар орны ерекше. Олардың табиғаттағы түрлері бір-біріне ұқсамайтындығы сияқты, әдебиеттегі көркем бейнелері де бір-

бірлеріне сәйкес келмейді. Әрқайсысы жеке-жеке мифологем, жеке-жеке символдық мәнге ие. Фольклордан бастау алатын поэзиядағы мұндай тұрақты образдар жүйесін ақын-жыраулар да, одан кейінгі әнші-ақындар да өз шығармаларында одан әрі дамытты, жан-жақты қарастырды. Сөйтіп, кейінгі әдебиеттің кемелденуіне өз үлестерін қосты.

Кенен Әзірбаевтың ән мәтіндеріндегі тағы бір ерекшелік – көркем теңеулердің жиі қолданылуы. Ақын жаратылыстың құпиясын, адамның болмысын, табиғат сұлулығын, тұрмыс-тіршілік пен қоршаған ортаға қатысты кейбір атауларды теңеу арқылы бейнелеп жеткізуге, эмоциямен суреттеуге тырысады. Мысалы:

Тау талындай, ендеше, тау талындай,

Ашымаған сабаның саумалындай.

Тұла денең біреудің аманаты,

Бет-әлпетің жұмылса жау малындай [3, 23] –

деген ақынның «А, қыздар» атты әніне назар салсақ, ән мәтінінің ұйқастары теңеуге негізделгенін көреміз. Сондай-ақ, «шашың – қамыс», «бойың – тал» сияқты ассоциациялық тіркесімдерді де байқауға болады. Ақынның поэзиясынан мұндай тіркесімдердің «Отан – қамал», «көңіл – лашын», «үнім – арна», «ән – әсер», «өлең – өрім» секілді үлгілерін де кездестірдік.

Кенен Әзірбаев бар нәрсеге жан бітіре жырлауға құштар ақын. Сондықтан да ақындық лабораториясында гиперболаға жиі жүгінеді. Мысалы, «Сарбарпы» деген әнінде жыланмен арпалысып жатқан дәуіттің бейнесін мылтықтың білтесіне теңеп, еліктеуіш сөздерді ұтымды қолдану арқылы әрбір қимыл-қозғалысқа ерекше жан бітіреді.

Серпіні бұл дәуіттің қандай күшті,

Мылтықтың білтесіндей сырт деп түсті.

Балапан тұрмақ бас қайғы боп,

Сұмырай суға келіп сылқ деп түсті [3, 113].

Кенен Әзірбаев шығармашылығының идеялық-эстетикалық және көркемдік ерекшеліктерін анықтайтын тағы бір құбылыс – қайталаулар. Ақын ән мәтіндерінде романтикалық сипатты, күрескерлік рухты, эстетикалық қасиеттерді күшейтіп сөзбен бедерлегенде қайталауларды жиі қолданғанын байқаймыз. Мәселен, ақынның «Бұлбұл» деген әніне қарасақ, алғашқы тармақта «бұлбұл» сөзінің үш рет қайталанғанын көреміз:

Ей, бұлбұл, сен де бұлбұл, мен де бұлбұл,

Қаңғыртқан екеумізді патша құрғыр [3, 36].

Ақынның басқа да ән мәтіндерінде алғашқы тармақтағы жәй қайталаулар кездеседі.

Жайнады, тыңым, жайнады,

Қарқынды еңбек қайнады [3, 91].

Мұндай алғашқы тармақтағы жәй қайталаулар өлеңде айқындауыштық рөл атқарып тұр. Оқырманның білуі керек болған белгілі бір ұғымды ақын қайталау арқылы берген. Байқағанымыздай, ақын өз өлеңдерінде қуанышты хабардың жалғыз жаршысындай сөздерді, сөз тіркестерін жәй қайталау арқылы сүйінші сұрай жырлайды. Ақын әндерінде кездесетін қайталаудың тағы бір түрі – тармақ басындағы қайталаулар. Мұндай құбылыс «Жалпы аппарат» әнінде былайша көрініс табады:

Белгісі өсер ауыл керіспейді,

Белгісі өсер жылқы тебіспейді [3, 38].

Өзара ұйқасып, өлеңге әр беретін мұндай анафоралық қайталаулар қазақ поэзиясында бұрыннан бар.

Ақын лабораториясында кездесетін қайталаудың тағы бір түрі – еспе қайталаулар. Мұндай қайталаулар өлеңнің мәнерлілігі, ой өрнектілігі, эмоционалдық өткірлік үшін қызмет етеді:

Қызыл тіл – бәйге атындай тағаланды,

Тағаланды дегенім жаңаланды [3, 40].

Ақын әндерінде эпифоралық қайталаулар да кездеседі. Мысалы, «Көкшолақ» әнінде: *Жылдам жүрші, Көкшолақ,*

Шапшаң жүрші, *Көкшолақ*,
Олай жүрші, *Көкшолақ*,
Былай жүрші, *Көкшолақ*.
Жаманатқыр, *Көкшолақ*,
Арам қатқыр, *Көкшолақ*,
Мені құртқан, *Көкшолақ* [3, 11] –
деп эпифоралық қайталаулар арқылы астындағы атын сөзбен қамшылайды.
Жер жүзінде кедейге,
Ұран болған Октябрь.
Байдан теңдік алуға,
Құрал болған Октябрь.
Езілгенге саялы,
Шынар болған Октябрь.
Коммунизм орнауға,
Жоба болған Октябрь [3,39].

«Октябрь» әнінде ақын өзара үн екпіні, қуат серпіні, сөз саптауы жағынан тектес, ұқсас, мағыналас жолдарды шебер байланыстыра білген. Бұл қайталаулар бір жағынан, эпифора болса, екінші жағынан, әр түйдекті бір түйіп тұратын түйін сөздің, тұжырымды ойдың, қорытындының қызметін атқарып тұр.

Қорытындылай келе, қаншама ғасырлар бойы қазақ танымда қалыптасқан ұлттық образдар жүйесі сол халық мекендеген табиғатпен, тау-тасы, өзен-көлімен, аспан әлемі, жануарлар әлемімен етене жақын. Осынау тамырластық, осынау төркіндестік ақындар поэзиясының көркемдік әлемінде айқын бедерленген. Кенен Әзірбаев шығармашылығында да мұндай құбылыстар өзінше мағына жүктеп, символдық мәнге ие болды.

Халықтың жан-жүрегімен, ғажайып рух-болмысымен тұтас беріліп, құлай сүйген қасиеті, қастерлі өнері – ақындық. Кенен Әзірбаев – сол қастерлі өнердің зау биігінен орын алған тұлға. Және сол орнын абыроймен сақтап қалған тұлға. Мақалада оның ақындық шеберлігі, ондағы көркем кестелер, көркем образдар жүйесі туралы сөз еттік. Сондай-ақ, теңеулер мен ақын поэзиясындағы жай қайталауларды, еспе қайталауларды, анафораны, эпифораны көрсеттік. Ақын поэзиясындағы көркем ерекшеліктерге жеке-жеке тоқталып, өзіндік ойлар, өзіндік тұжырымдар жасадық.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары: – Алматы: Дайк-Пресс, 2001. – 440 б.
2. Негимов С. Ақын-жыраулар поэзиясы: Генезис. Стилистика. Поэтика. Оқу құралы. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2001. – 280 б.
3. Әзірбаев К. Бозторғай. Өндер, күйлер жинағы: – Алматы, «Жалын», 1977. – 176 б.
4. Жолдасбеков М., Төреқұлов Н. Тоқсан толғау: Деректі ғұмырнамалық эссе. – Алматы: Өнер, 1992. – 232 б.
5. Жаяу Мұса. Ақ сиса. Өндер мен күйлер: – Алматы, «Өнер» баспасы, 1985. – 108 б.
6. Батырлық жыр-дастандар (екі кітаптан тұрады). Екінші кітап. – Алматы: Атамұра, 2023. – 256 б.
7. Қондыбай С. Толық шығармалар жинағы. 12-том. Арғықазақ мифологиясы. 4-кітап. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2008. – 536 б.
8. Аймұхамбетова Ж.Ә. Мифтің поэтикадағы қызметі (қазіргі қазақ поэзиясы арқауында). Монография. Алматы: «Жазушы», 2010. – 365 б.

ӘОЖ 14.17

«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ» ПӘНІНІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕГІ РӨЛІ

Жақсыбаева Нұрдана Жасқайратқызы

nurdana.zhaqsybaeva@mail.ru